

География пәнінен  
Ұлттық бірыңғай тестілеуге,  
қорытынды аттестаттауға дайындау

2022 ЖЫЛ

## 7-11 сыныптар

1. Географиялық зерттеу әдістері
2. Картография және географиялық деректер қоры 7-9сын.  
(Геоинформатика 10-11сын).
3. Физикалық география: Литосфера, Атмосфера,  
Гидросфера, Биосфера, Әлеуметтік география 7-9сын.  
(Табиғатты пайдалану және Геоэкология 10-11сын).
4. Әлеуметік және экономикалық география
5. Елтану және саяси география 7-9 сын.
6. Геоэкономика
7. Геосаясат
8. Елтану
9. Адамзаттың ғаламдық проблемалары

# *Табиғатты пайдалану және Геоэкология 10-11сын.*


**Табиғатты пайдалану дегеніміз - адамзат қоғамы өзінің өмір сүруіне қажетті әлемдегі бүкіл табиғат байлықтары мен табиғат құбылыстарының жиынтығын өз қажетіне қолдану мүмкіншілігі.**

**Табиғат арқылы адамзат өз қажетін қамтамасыз етеді.**

## **Қоршаған ортаны ластаушылардың жіктелуі**

<b>Ластанудың шығу тегі</b>	<b>Нысандары</b>	<b>Ауқымы</b>	<b>Ластану түрлері</b>	<b>Созылу уақыты</b>
Табиғи Антропогендік	Су Атмосфера Топырақ Ландшафт	Жергілікті(Локальді) Рационалды Шегаралас аумақтар Ғаламдық	Химиялық Биологиялық Физикалық	Уақытша Тұрақты

# Қалдық суларды сүзгіден өткізіп бейтараптандыру әдісі



Табиғаты пайдалану жолдарын жіктеген орыс экологы  
**Н.Ф. Реймерс**

- Табиғат ресурстарын өндіру және қорғау;
- Адамның тіршілік ортасындағы табиғи шарттарды пайдалану;
- Табиғи жүйелердің тепе-теңдігін тиімді өзгерту;
- Адам саны мен адамның табиғи өсімін реттеу.

# Табиғатты тиімді пайдалану бойынша пікір айтқан америкалық ғалым Юджин Одум

## Табиғатты тиімді пайдалану

- Мәдени ландшафтыларды қалыптастыру
- Қалдықсыз технология түрлерін пайда-у
- Қайта өңдеуден өткізу
- Қорғауға алынған аумақтарды ұлғайту
- Флора мен фаунаны сақтауды қамту

## Табиғатты тиімсіз пайдалану

- Табиғи орта сапасының нашарлауы
- Табиғи ортаның тозуы
- Табиғи жүйелердің ластануы
- Экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуы

# *Табиғатты тиімді пайдаланудың негізгі қағидаттары:*

- Адам құқығының басымдығы қағидаты;
- Мемлекеттің табиғи ресурстарды пайдалануға егемендік қағидаты;
- Әрбір адамның қоршаған ортаны қорғау ісіне қатысу қағидаты;
- Қоршаған ортаны қорғаудағы жауапкершілік қағидаты;
- Табиғи ортаны пайдаланудағы басымдылық қағидаты;
- Табиғатқа зиянды әсер етудің алдын-алу қағидаты;
- Тығыз халықаралық ынтымақтастық қағидаты;
- Қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша халықтың хабардар болу қағидаты;

Қазіргі заманғы табиаты пайдалану  
қандай болмақ?

Тұрақты даму дегеніміз не?

**Тұрақты даму дегеніміз - қоғамның қоршаған ортаға ықпалын неғұрлым азайтып, халықтың және өндірістің табиғат ресурстарына қажеттілігін қанағаттандырып, экономикалық және экологиялық қауіпсіз дамуы.**



Табиғат ресурстарының негізгі түрлерімен қамтамсыз етілуін  
мына формуламен есептейміз:

$$P=K/\Theta$$

**P**-ресурспен қамтамасыз етілудің жылдық көрсеткіші;

**K**-қоры;

**Θ**-өндіру.

Есеп: Қазақстандағы марганец рудасының қоры 408 млн.т.  
Жылына 2,3 млн.т. марганец өндіріледі. Кеннің уақыттық  
қоры қанша?

- a. 178,54
- b. 219,61
- c. 177,39
- d. 165,12
- e. 183,37

Есеп: Барланған мұнайдың дүниежүзілік қоры 234 млрд.300 млн. тоннаға тең. Кувейт мемлекетінің мұнай қоры 14 млрд.т. Кувейттің әлемдік қордағы үлесі қанша?

- a. 11
- b. 9
- c. 8
- d. 6
- e. 5

Шешуі: 234 млрд.300 млн. \_\_\_\_\_ 100%  
14 млрд. \_\_\_\_\_ X %

$$X = 14 * 100 / 234 = 5.9 \approx 6 \%$$

## Жергілікті күн тәртібі-XXI дегеніміз не?

- 1992 жылы Рио-де-Жанейрода өткен БҰҰ-ның Қоршаған орта және даму жөніндегі конференциясында әлемдік көшбасшылар XXI ғасырға арналған күн тәртібі құжатын қабылдады. Оның негізгі масаты-тұрақты даму қағидаттарын іске асыруға көмектесу.

**\*1992 жылы Рио-де-Жанейрода өткен “Қоршаған орта және даму жөніндегі конференциясында” қабылданған құжат(-тар)**

**A. “Арал теңізін сақтау”**

**B. “Биосфераны қорғау”**

**C. “Қызыл кітап”**

**D. “Жасыл экономика”**

**E. “Экологиялық із”**

**F. “Жергілікті күн тәртібі”**

**G. “Адамның даму индексі”**

**H. “Тұрақты даму”**

Қоршаған орта жағдайы адам денсаулығына тікелей әсер етеді.

• Қазақстандағы күкірт тотығы әсерінен көластанатын қала (-лар)

- A. Атырау
- B. Орал
- C. Көкшетау
- D. Өскемен
- E. Балқаш
- F. Риддер
- G. Алматы
- H. Семей

# Қазақстанның ірі қалалары мен өнеркәсіп орталықтарын атмосфералық ауасын ластаушылар кестесі (111-бет 14-кесте)

Шаң-тозаң	Ақтау, Атырау, Жезқазған, Павлодар, Семей, Теміртау, Шымкент, Өскемен
Көміртек тотығы (CO)	Алматы, Ақтөбе, Қарағанды, Қостанай, Петропавл, Павлодар, Семей, Тараз, Шымкент, Өскемен, Орал және Екібастұз
Азот тотығы	Өскемен, Балқаш, Алматы, Қарағанды, Риддер
Күкіртсутек	Павлодар, Орал, Теміртау
Күкірт тотығы	Глубокое ауылы, Өскемен, Балқаш, Риддер, Жезқазған
Аммиак	Теміртау, Шымкент
Қорғасын	Шымкент, Балқаш, Кентау, Өскемен, Талдықорған, Алматы, Текелі
ТОЛ (Тұрақты органикалық ластаушылар)	Шымкент, Алматы, Риддер, Өскемен